

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік университеті
Шымкент кампусы
«Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру» факультеті
ІШКІ АУРУЛАР КАФЕДРАСЫ
Әлеуметтік мәдени бағыты аясында атқарылған іс шара хаттамасы №2

28.11.2024ж

Тақырыбы: «Тарихи-өлкетану орындары мен мәдени, қасиетті орындарға бару іс-шараларын ұйымдастыру аясында **«16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні»** мерекесіне сәйкес Тәуелсіз саябағында тәрбие сағатын өткізу.

Ұйымдастырған оқытушы: **Мусахова М.О.**

Интерн тобы: **РГҚ 03-04-24**

Тәрбие жоспарына сәйкес топ интерндерімен «16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне сәйкес Тәуелсіз саябағында тәрбие сағатын өткізу. 16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. 1991 жылғы 16 желтоқсанда президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған Конституциялық Заңнан бастау алған тәуелсіздігімізге 34 жыл толды. Бұл атаулы күн 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қол қойған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» және 2008 жылғы 25 маусымдағы және 2009 жылғы 22 сәуірдегі заңдармен өзгертулер енгізілген 2001 жылғы желтоқсанның 13-інде «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес атап өтіледі. **Тәуелсіздік** – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз. Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 25 жыл. Жиырма бес жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық.

Қазақстан халқы сан ғасырлар бойы бабалар армандаған азаттықты алып, аңсағанына қол жеткізген Тәуелсіздік күнін биыл 34-і рет қарсы алып отыр. Әрине, тарих үшін бұл тым қысқа, тіпті қас қағым сәт болып көрінуі де мүмкін. Әйтсе де, осы жылдар ішінде тәуелсіз мемлекет ретінде тындырған істеріміз де аз емес. Өңірге ғана емес, әлемге танылды. Дүниедегі күллі елдермен байланыс орнатып, тереземіз барша мемлекетпен теңесті. Бұл да сол Тәуелсіздіктің жемісі. Ендеше, егемен ел атанған Қазақстан үшін қандай да болмасын мерекенің, мейрам мен тойдың атасы - Тәуелсіздік күні екендігі даусыз әрі бұл солай болуы да тиіс. Шындығында тереземіз басқа жұртпен тең болып, халықаралық деңгейде толыққанды мойындалған мемлекет ретінде өмір сүріп жатқанымызға 32 жыл! Осы жылдар ішінде елдіктің іргетасы сапалы қаланды. Ендігі күннің міндеті ретінде мемлекетіміз Мәңгілік Ел болу идеясына бет бұрды. Иә, бұның бәрі - тек Тәуелсіз, егемен елдің ғана қолынан келеді, бұның барлығы дербестіктің, Тәуелсіздігіміздің арқасы.

Кафедра меңгерушісі:

Аманбаева Б.Қ.

Іс шара ұйымдастырушы оқытушы:

Мусахова М.О.





